

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қыркүйектегі N 936 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 6 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 3 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.20 N 1102 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 - т . қ а р а ң ы з) Қ а у л ы с ы м е н .**

2. "Түсті және кара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинаумен (дайындаумен), сақтаумен, өңдеумен және сатумен айналысатын шаруашылық субъектілерінің қызметін бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 қаңтардағы N 23 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 1, 8-күжат):

2-тармақта "Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігімен (қаржы полициясы)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19 N 1411 Қаулысымен.**

4. "2001 жылғы 4 сәуірде Вильнюс қаласында (Литва Республикасы) Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-литва комиссиясының екінші мәжілісі барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 839 қаулысына:

3-тармақта "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген

сөздер "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген 2001 жылғы 4 сәуірде Вильнюс қаласында (Литва Республикасы) Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-литва комиссиясының екінші мәжілісі барысында қол жеткізілген келісімдермен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"Орындалуына жауаптылар" деген бағанда:

реттік нөмірі 2 - жолда:

1), 2) тармақшалардағы "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі", "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі", "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 7-жолдағы "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 10-жолдағы "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Қаржы полициясы агенттігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі", "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі,

Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.14. N 327 Қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 742 Қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.05 N 371 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

8. "Зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді орындауға жауапты мемлекеттік органдардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 қарашадағы N 1141 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 43, 4 6 5 - қ ұ ж а т) :

1-тармақта "Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)" деген сөздермен ауыстырылсын.